

«Сарыағаш аудандық орталық ауруханасы» ШЖҚ МКК-да  
сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жүргізілген ішкі талдау нәтижесін  
(талдамалық анықтама жобасын) жария талқылау  
Х А Т Т А М А С Ы № 1

Сарыағаш қ.

20 маусым 2024ж.

**Жиналыс төрағасы:** Б.Оспанов - басшының емдеу ісі

жөніндегі орынбасары *(топ жетекшісі)*

**Хатшы:** Мамандар бөлімінің басшысы Ж.Алманова *(топ мүшесі)*

**Қатысқандар:**

- Басшының экономика және әкімшілік шаруашылық қамтамасыз ету жөніндегі орынбасары – Г.У.Низамова *(топ мүшесі)*
- Басшының медицина сапасын бақылау ісі жөніндегі орынбасары – Д.Т.Әліпбаев *(топ мүшесі)*
- Бас медбике – Г.У.Мамытбекова *(топ мүшесі)*
- Емхана меңгерушісі – С.С.Усипбеков *(топ мүшесі)*
- Комплаенс-қызметкер – Н.Ә.Садырбай *(топ мүшесі)*

**Күн тәртібінде:**

Түркістан облысының денсаулық сақтау басқармасының «Сарыағаш аудандық орталық ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнында (бұдан әрі - Кәсіпорын) сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жүргізілген ішкі талдау нәтижесін *(анықтама жобасын)* жария талқылау.

Төрағалық етуші Б.Оспанов:

Құрметті әріптестер! Кәсіпорын басшысының 15.04.2024 жылғы «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу туралы» №287н/қ бұйрығының негізінде, ағымдағы жылдың 17 мамыр – 28 маусым аралығында Кәсіпорында (2023 жыл – 2024 жылдың 6 айы мерзімі қамтылған) сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жұмыстары жүргізілуде.

Бүгінгі күнге, осы жүргізілген ішкі талдау жұмыстарының нәтижесі туралы талдамалық анықтама жобасы әзірленген, оны жария талқылауымыз қажет.

Талдамалық анықтама жобасымен жария таныстыру үшін комплаенс-қызметкер Н.Садырбайға сөз берді:

Құрметті топ мүшелері, әріптестер! Жоғарыда айтылғандай Кәсіпорын басшысының бұйрығы негізінде Кәсіпорында 2023 жыл – 2024 жылдың 6 айы қамтылған мерзім аралығына сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жұмыстары жүргізіліп, талдамалық анықтама жобасы дайындалды.

Ішкі талдау келесі бағыттар бойынша жүзеге асырылды:

- 1) Кәсіпорынның қызметін қозғайтын нормативтік құқықтық актілерде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.
- 2) Кәсіпорынның ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

Бірінші бағыт бойынша: Байқау кеңесінің 04.02.2019 жылғы №1 санды шешімімен Кәсіпорнының ішкі нормативтік құжаттарының классификаторы бекітілген.

Кәсіпорын өз қызметін тиісті Жарғыға, бекітілген ішкі нормативтік құжаттардың классификаторына және қолданыстағы заңнамаға сәйкес бекітілген ішкі ережелерге сәйкес жүзеге асырады.

Яғни, ішкі талдау барысында Кәсіпорынның қызметін қозғайтын нормативтік құқықтық актілерде сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін дискрециялық өкілеттіктер мен нормалар анықталмады.

Кәсіпорында шығарылған бұйрық, анықтама, акт, хат рәсімдеулері Түркістан облысы әкімдігінің жанындағы сараптау-тексеру комиссиясының 02.09.2019 жылғы №6 хаттамасымен бекітілген Істер наменклатурасына сәйкес жүргізіліп отырады.

Екінші бағыт бойынша: Кәсіпорынның ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

1) Персоналды басқару, оның ішінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне шалдыққан лауазымдарды айқындау бағыты.

Ішкі талдаумен қамтылған мерзімдерде қызметкерлерді жұмысқа қабылдау, жұмыстан босату, ішкі лауазымдық ауысулар кезіндегі құқықбұзушылықтар мен сыбайлас жемқорлықтың белгілері анықталмады.

Дегенмен, Кәсіпорының күнделікті жұмысында, яғни тәжірибеде жұмыскерді өз өтініші бойынша жұмыстан босату кезінде ҚР Еңбек кодексінің (бұдан әрі- Кодекс) 50-бабы 1-бөлігі негізге алынып бұйрық қабылданып келеді.

Кодекстің 50-бабының 2-тармағының талабына сәйкес, яғни жұмыскердің жұмыстан шығатыны туралы жазбаша хабарламасы мен қабылданған шешім туралы жазбаша нысандағы хабарламасы берілмегені анықталды.

Одан бөлек, тәртіптік жаза қолдану кезінде Кодекстің 65-бабы талаптарына сәйкес жұмыскерден жазбаша түсініктеме талап ету үшін, оған жасалған тәртіптік теріс қылық фактісі бойынша түсініктеме беру туралы жазбаша нысанда рәсімделген талап тапсырылмайтыны белгілі болды.

2) Жеке және заңды тұлғалармен шарттар жасасу:

2023 жылы Кәсіпорынмен Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының талаптарына сәйкес мемлекеттік сатып алулар кезінде заң бұзушылықтарға жол берілмеген болса, 2024 жылдың 6 айында бұл бағыт бойынша 1 заң бұзушылық анықталған.

Атап айтқанда, Кәсіпорынмен 26.04.2024 жылы Сарыағаш қаласы, Исмаилов көшесі, №115А орналасқан мекенжайға (аудандық орталық ауруханаға) күштік трансформатор орнатумен жұмыстарын мемлекеттік сатып алудың «Баға ұсыныстарын сұрату» тәсілі арқылы мемлекеттік сатып алу жарияланған.

Қазақстан Республикасының «Рұқсаттар және хабарламалар туралы» Заңы 1-қосымшасына сай, трансформатор орнату жұмыстарына «Баға ұсыныстарын сұрату» тәсілі арқылы жарияланған №12264559-1 лоттың техникалық ерекшелігін және басқа да талап етілген құжаттарын зерделеу барысында мемлекеттік сатып алуға қатысушыларға рұқсат лицензиясы талап етілмегені анықталған.

Яғни, 26.04.2024 жылғы №12264559-1 баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен жарияланған мемлекеттік сатып алу рәсімінде Заң нормалары бұзала отырып жарияланғаны анықталған.

Аталған заң бұзушылық бойынша аудан прокуратурасымен 03.05.2024 жылы ұсыну ықпал ету актісі енгізіліп, Кәсіпорынмен қаралу нәтижесімен басшының 06.05.2024 жылғы №310нқ санды бұйрығымен әкімшілік бөлімінің есепшісі Е.Рысбековке «Ескерту» түріндегі тәртіптік жаза қолданылған.

Жоғарыда көрсетілгендерді және қатысушылардың ұсыныс-пікірлерін тындап, Кәсіпорнында сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жүргізілген ішкі талдаудың анықтамасын (*жобасын*) жария талқылап, **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. «Сарыағаш аудандық орталық ауруханасы» ШЖҚ МКК-да сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жүргізілген ішкі талдаудың талдамалық анықтамасы (*жобасы*) назарға алынып, жария талқылау нәтижесімен мақұлданын.

2. Кәсіпорынның мамандар бөлімінде күнделікті жұмыс барысында ҚР Еңбек кодексінің және еңбек қатынастарынан туындайтын заңнамалық актілердің нормаларын сақтау нұсқалсын.

3. Кәсіпорында ҚР «Мемлекеттік сатып алу туралы» және «Рұқсаттар және хабарламалар туралы» Заңдары және осы бағыттағы нормативтік құқықтық актілердің талаптарын қатаң сақтау қажеттілігі ескертілсін.

4. Кәсіпорынның комплаенс-қызметкеріне Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнама талаптарын сақтау мәселелері бойынша түсіндіру және оқыту іс-шараларын күшейту тапсырылсын.

Төрағалық етуші:

Хатшы:



Б. Оспанов



Ж. Алманова